

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «2» мамыр

Мобильдік кеңсе 10 күн ішінде 970 қазақстандыққа қызмет көрсетті

БЖЗК Мобильдік кеңсесі іске қосылғаннан бері 10 күн ішінде еліміздің үш өңірінде 10-нан астам рет сапарға шықты. Еске сала кетелік, көшпелі кеңсе тұңғыш рет 2018 жылдың 16 сәуірінде Атырау облысының Жұмыскер ауылдық округына жол тартқан болатын.

2018 жылдың 27 сәуіріндегі жағдай бойынша «Мобильдік кеңсе» жобасы аясында Атырау облысында 6 рет, Қостанай облысында 3 рет және Алматы облысында 2 рет көшпелі шара өткізілді. Бұл ретте 970 азаматқа зейнетақы қызметтері көрсетілді. Сонымен қатар Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі бойынша 520-дан астам адамға ақыл-кеңес берілді.

Есепті кезеңде тұрғындар тарапынан ең сұранысқа ие болған қызметтерді атап айтар болсақ, олар: жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу жөнінде жаңа редакциядағы өтінішті беру (281 операция), ЖЗШ-дан үзінді-көшірме беру (260 операция) және деректемелерді өзгерту/толықтыру жөнінде өтініш қабылдау (207 операция). Айта кетелік, электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) өзекті кілті бар болса немесе Жеке кабинет қолжетімді болған жағдайда (деректемелерді өзгертуді қоспағанда) жоғарыда аталған операцияларды Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының www.enpf.kz сайтында онлайн тәртібінде жүзеге асыруға болады.

Бұл сынақ жоба шалғай елдімекендер, сондай-ақ, Қор бөлімшелері жоқ аудандарда зейнетақы қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске қосылған болатын. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен «Қазпошта» акционерлік қоғамы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға және Шараларды жүзеге асыру жоспарына қол қойылды. Осы құжаттар аясында қазақстандық ұлттық пошта желісі операторының бөлімшелері арқылы Қор бөлімшелері жоқ шалғай аудандарда зейнетақы қызметтері көрсетіледі.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz